

*Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Дәрігерге дейінгі дайындық кафедрасы*

СӨЖ

*Тақырыбы: “Жанұямен танысқанда алған пікірлерді
талдау”*

*Орындаған: Мейрқұлқызы Қ.Н
115 топ, ЖМФ
Тексерген: Абильдина Н.Т.*

Қарағанды 2010 ж

Жоспар

Кіріспе:

Жанұя мен неке туралы түсінік.

Негізгі бөлім:

а) Науқастың жанұясымен танысу.

ә) Жанұядағы қонақ күту.

б) Медициналық деонтологияға жалпы түсінік.

в) Жанұядағы салт-дәстүр.

г) Мейірбике өз іс-әрекетінде емдеушілермен қатынасудағы жалпы психологиялық принциптері.

Қорытынды.

Пайдаланған әдебиеттер.

Жанұя мен неке туралы түсінік

Отбасы және неке туралы заңға байланысты қазіргі кезде жастар арасында неке құру үшін қажетті жағдай екі жыныстың да кәмелетке келуі, яғни 18 жасқа толуы болып есептеледі.

Отбасы – адамның өте маңызды, өте жауапты жанұясы, себебі отбасы адамға бақыт, толық мәнді тыныс – тіршілік әкеледі.

Отбасы қоғамдық құрылымның кіші тобы, алғашқы ұясы. Отбасы қалыптасу үшін неке қалыптасуы қажет.

Неке – әйел мен еркек арасындағы табиғи қажеттілік, олардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілейтін формасы.

Неке – отбасының заң жүзіндегі негізі, әйел мен еркектің өзара түсінісу, еріктілігі негізінде құрылатын одағы, адамның әлеуметтік – табиғи, сонымен қатар материалдық және рухани өмір қажеттілігі.

Қазіргі деректерге қарағанда, жастардың арасындағы неке құру жасы негізінен 18-25 болып отыр.

Науқастың жанұясымен танысу

Дәрігердің науқастың жанұясымен тіл табысудың маңызы: егер науқас ауыр халде немесе науқасқа айтылмайтын ауруы болған жағдайда және т.б. Дәрігердің науқастың жанұясымен әңгімесі өзі міндетті шеңберінен шықпауы керек. Туыстарының пікірлері науқасқа әсер етеді. Оның ауруханаға келер алдында бұрын не істегенін, немен ауруғанын, жүріс тұрысы мен тамақтанғаны туралы мәліметтер алу керек. Медқызметкерлер науқастың дертін, жағдайын жасырмай түсінікті хабарлауы тиіс. Ал кейбір жағдайларда науқастың өзінен нені хабарлауын немесе хабарламауын сұраған дұрыс.

Жанұядағы қонақ күту

Қазақ халқы - ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі бұрын танысын, танымасын “Құдайы қонақпын” десе болы, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Оның үстіне қазақта “қырықтың бірі қыдыр”, “қонақты құсаң - құт,ырыс, қашады”, “Қонақпен еріп құт, ырыс келеді” деген мәтелдер бар. Халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән берген. Қонақты үй иесі, қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі кіріп есікті жабады. Бұл – қонақпен еріп келген “құт” бірге кірсін дегені. Ал қонақты шығарып саларда, есікті қонақтарға аштырып, соңынан өзі жауып шығатын болған. Осы күнге дейін қонақтарға есікті ашып, іштен жауып алу деген болған. Қазақ халқы қонақтарды “арнайы қонақ”, “құдайы қонақ”, “қыдырма қонақ”, “қылғыма қонақ” деп бөлген. Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады. Ең алдымен қонақтарға сусын, қымыз, шұбат, және т.б беріледі.

Медицина деонтологияға жалпы түсінік



Деонтология
медициналық
этиканың бір бөлігі
және басқа салаларға
қарағанда деңсаулық
сақтау саласына өте
тән ғылым.

Жанұядағы салт – дәстүр

*Қазақ халқының көнеден жатқан салт – дәстүрлері, ырымдары өте көп. Қазақ “қазақ” деген атын осы кезге дейін қазақи салт – дәстүрлерімен, ырымдарымен, той - мереке, тағы басқа да жол – жосындарымен талай елді таң қалдырып келеді. Ата – бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңарту ендігі болашақ ұрпақтың өз қолында. Мысалы: **Отбасылық өмірдің әр жылындағы тойлар** – ерлі-зайыптылардың некеге тұрғанына, сөйтіп, шаңырақ құрғанына белгілі бір уақыт толғанда атап өтетін тойлары болады. Еуропалықтардың бұл дәстүрінің кейбірі қазақ отбасыларына да тән. Мысалы, отбасының күміс тойын, алтын тойын өткізуі.*

Шын той - отбасы құрғаннан кейін бір жыл өткен соң атап өтіледі. Бұл күні ерлі - зайыптылар бір - біріне шым орамал сыйлайды. Ағаш той - отбасылық өмірдің бес жылдығына орай аталып өтіледі. Бұл күні ерлі-зайыптылар бір-біріне ағаштан жасалған бұйымдар сыйлайды т.б тойлардың түрлері көп.

шілдехана

Бесік той

Тұсау кесер

Сүндет той

Баланы атқа мінгізу

Қыз ұзату және келін түсіру

Өлең той

Меймандостық

Тілашар тойы

Туған күн

Неке қияр т.б

С
А
л
т
-
д
ә
с
т
ү
р



**Мейірбике өз іс - әрекетінде
емделушілермен қатынастадағы жалпы
принциптері.**

Мейірбикенің
шыншылдығы,
абыройлығы, кәсиби
борышын бұлжытпай
орындау.

Науқастың
психологиялық
ерекшелігін білу.

Денсаулық сақтау
жүйесіндегі
принциптерді нақты
бұлжытпай орындау.

Емдік диагностикалық
процедуралар және
емделушілерді күту
әдістерін анықтау,
терең кәсиби білім мен
жетілдірілген практи-
калық дағдылар.

Құпияны сақтай
білу.

Барлық жүргізілген
емдік диагности-
калық процестің
кезендерінде емдеу-
шіге жетекшілік
көзбен қарау.



Қорытынды

Дәрігер науқасқа рухани азық та бере білуі тиіс. Науқастың сырқатының әр қилылығына қарамастан дәрігер олардың әрқайсысымен байланыс орната білуі тиіс. Ал науқас дәрігер жұмысының қиындығын түсіне білу керек. Өз кәсиби біліктілігін арттыруға, білімін тереңдетуге медицина қызметкерлерінің міндетті қасиеті. Дәрігер қыран көзді, жұмсақ қолды, жыландай сабырлы, арыстандай жүйректі болуы керек және әр бір медицина қызметкері өзінің жұмысына жан тәнімен беріліп істеу керек. ҚР ның болашақ дәрігерлері біз болғандықтан өз мамандығымызға салмақпен қарағанымыз жөн.

Қолданылған әдебиеттер:

- Андреева Г.М “Социальная психология”
- Фрейд З. “Введение в психоанализ”
- Рахметов Қ.Ж “Социология”
- Кравченко А. И “Введение в социология”
- Асмолова А.Г “ Психология личности”

*Назар
аударғандарыңызға
рахмет!*